

циалистік мемлекетте жеке меншік болмауы тиіс деген идея болатын. Халықтың қолындағы малды мемлекеттің меншігіне тарту үшін жедел түрде колхоз, совхоздар ұйымдастырылды. 1952 жылы КСРО-дағы Коммунистік партиясының аталуы өзгертілді. Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы (БК(б)П) енді Кеңес Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) аталатын болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы өздерінің төтенше съезін шақыру үшін ұйымдастыру комитетін құрды. Осы саяси жағдайға байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелері өздерінің өклеттіктерінен бас тартатыны және Орталық Комитеттің қызметін тоқтатқаны жөнінде мәлімдеме жасады. Қазақстан Компартиясының кезектен тыс және төтенше съезі 1991 жылы қыркүйектің 7-сі күні Алматы қаласында ашылды. Съезд Қазақстан Компартиясын тарату және жаңа партия құру жөнінде шешім қабылдады. Ендігі жерде жаңадан құрылған партия социалистік деп аталатын болды. Қазақстан Компартиясының бірқатар мүшелері 1991 жылғы қазан айында құрылған Қазақстан Халық Конгресі партиясының құрамына кірді. Міне осылай Ленин мен оның серіктері құрған Кеңес Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) елімізде өзінің жеке дара билік жүргізуін тоқтатты.

ОТАРШЫЛДЫҚ, ӘКІМШІЛІК ПЕН ЖЕРГІЛІКТІ ЭЛИТА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Эльмира Кенжеғалиқызы Наурызбаева

тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Аида Бауыржанқызы Айгужина

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Ресейдің Батыс Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатының бір ерекшелігі – патша үкіметі тікелей қарумен жаулап алушылық жорық әрекеттерін жасаған жоқ. Олар өздерінің қарулы күшін жазалаушы отрядтар ретінде пайдаланды. Отарлауда кең тараған әдістерінің бірі жергілікті ақсүйектердің басшы топтарын сатып алу (ақшалай немесе сыйлықпен), қорқыту немесе екі жаққа тиімді істер арқылы өз жағына тарту арқылы болды.

Патша өкіметінің Кіші жүздегі отаршылдық саясаты қазақ қоғамындағы аристократиялық (ақсүйектер) басшы топтармен одақтаспайынша жүзеге аспайтын болды. Ал, мұндай одақ сол кездегі тарихи жағдайда қазақ халқына феодалдық және отаршылдық езгіні орнататын «негізгі күш» болып табылды [1, 227].

XIX ғасырдағы «зар заман» ақындарының көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлының орыс үкіметіне қызмет еткен ел билеушілеріне бағытталған мына бір жыр жолдары сол кезеңдегі шындықтың бейнесі еді:

Елін сатып шен алған,
Өлекседен жем алған,
Кебеже қарын кең өңеш,
Өлексе көрсе үңгіген,
Күшігеннен кем емес.
Тек дейтұғын тегі жоқ,
Өз еліне ебі жоқ,
Жатқа зерде кегі жоқ [2, 102].

Орынбор әкімшілігіне Сыртқы істер министрлігімен қазақтарға байланысты қарым - қатынасына орнатылған мынадай нұсқаулары болды: «Бейбіт қырғыздарға және сенімді адамдарға әділдік пен мейірімділік көрсету керек, бірақ ешқашан сақтықты жоғалтпау қажет. Ал Ресей өкіметіне берілуде әлі де ойланып, тұрақтамай жүрген қырғыздарды ақырындап тарту керек» [3, 19 п., 19 қ.п.].

Патша әкімшілігі отарлау саясатын жүзеге асыруда ең алдымен қарулы күшке, отарлау аппаратына сенгенімен, ең сенімді қарудың бірі – қазақ шонжарларының феодалдық басшы тобы еді. Сондықтан Патша әкімшілігі Қазақ даласындағы басқару жүйесіндегі әкімшілік органдарға, ақсүйек өкілдерін тартты. Орынбор өлкесінің – В.Н. Татишев, И.И. Неплюев, Игельстром, В.А. Перовский сияқты басшылары қазақ сұлтандары мен би, старшындарын және тағы басқа өкілдерін жергілікті әкімшілік органдар ісіне, әсіресе оларды шекара істеріне байланысты жұмыстарда өздеріне жақын ұстады. Тіпті Әбілқайыр хан кезінде-ақ 1738 жылы Орынбор өлкесінің басшысы В.Н. Татишев Шекара комиссиясы жанынан орыс көпестері мен қазақтар арасындағы дауларды қарау үшін сот құрған болатын. Соттың мүшелері болып орыс шенеуніктерімен қатар Кіші және Орта жүздердің әрқайсынан бір - бірден, екі қазақ старшыны бекітілген еді [4, 9]. Ал Орынбордың бірінші губернаторы Неплюевтің кезінде қазақ халқы арасынан таңдаулы сұлтандар мен старшындар Шекара комиссиясының мүшесі болып сайланып, барлық сұрақтарды талқылау «присутствии» қатысушылар құқығына ие болған. Олардың міндеті шенеуніктермен алдын – ала дайындалған аудармашылардың айтуы бойынша әр түрлі шешімдердің мазмұнын тыңдап, соңында құжаттарға орыс үкіметінің берілген мөрлерін басумен аяқталып отырды. Феодал шонжарларды өз жағына тарту мақсатында патша өкіметі олардың Қазақстандағы пұрсатты жағдайын мойындаған еді.

Бұл саясатқа сын көзбен қараған орыстың көрнекті шығыстанушысы В.В. Григорьев: «Біздің саяси қатынаста жасаған үлкен қателігіміз қырғыз хандарына еуропалық мемлекеттегідей қарадық. Ал, сұлтандарға-феодалдық аристократия секілді қарадық. Хан мен сұлтандар бізге қызмет етсе олардың барлық халқы да бізге қызмет ететін болады деп ойладық. Сондықтан хандар мен сұлтандарға мейірімділік танытып, оларды асырадық, сыйлық тарту еттік, тек соларға ғана жағдай жасап, солардың ғана көңілін табуға тырыстық. Оларға үкімет пайдасына заттай төлем, түндік басынан және басқа да алым жинау құқығы берілді» [5,124]. Бұл мәселе патша әкімшілігінің қазақ халқына қатысты жүргізген саясатының шындығын ашады. Біріншіден, сұлтандар мен билерге жеке меншік құқығымен қыс қыстауларды және жаз жайлауды өздерінің жеке меншігі ретінде иеленуге рұқсат етілді. Екіншіден, сұлтандар мен билер аға сұлтан, болыс, билеушісі т.б. ретінде әкімшілік қызметке тағайындалды. Үшіншіден, сұлтандар мен билер салықтардан және басқа да міндеттерден босатылды.

В.В. Григорьев өз хаттарында: «Қазақтармен Орынбор басшылығы сыйлық тарту, асқа шақыру, үнемі кешірім жасау арқылы ғана жұмыс жасай алады», – деп Орынбор әкімшілігі қызметіне өкпесін білдіреді [6]. Расында да Орынбор әкімшілігі, ресми қызметтер ұсынып, ақы төлеп және әр түрлі наградалар тапсырып, сыйлықтар тарту етіп елдегі ықпалды тап өкілдерін өздеріне қаратуға тырысты (медальдар, кафтан, қымбат металдан жасалған бұйымдар және т.б.).

Осы туралы мұрағаттық құжаттарға сүйенсек келесі жағдайды көруге болады: Орынбор шекара комиссиясы қызметінің алғашқы онжылдығында оның құрамына қазақтар арасынан заседательдер тағайындалғанын жоғарыда атап өткенбіз, солардың бірі 1800 жылдан – 1818 жылға дейін Орынбор шекара комиссиясы құрамында қазақ халқынан заседателі ретінде Тауке Айшуақов болды. Ол 1810 жылы сарай кеңесшісі шенін алғаннан кейін 9 қазақ дистанциясын басқарған. Т. Айшуақовтың өз жұмысына жауапты қарағанын оның марапаттауларынан көруге болады. 1821 жылы Орданы басқарушы хан Шерғазы Айшуақов пен полковник Корсаковтың тапсырмаларын сәтті орындағаны үшін алтын жүзікпен марапатталды, 1830 жылы шеп тұрғындарының шағымдарын

қанағаттандыру үшін 6 000 рубль және 108 жылқы жеткізудегі әрекеті үшін бағасы 120 рубльден тұрған, алтын оқамен көмкерілген жейдемен марапатталды, сол жылы Ақбұлақ шатқалында Бұхара және Хиуа керуендерін уақытша тыйым салудан босатудағы жігерлі еңбегі үшін Орынбор әскери губернаторы граф Сухтелен оны алтын медальмен марапаттады. Орынбор шекара комиссиясында генерал-майор Борщовтың төрағалық қызметі кезінде 1802 жылы бекітілген штаттың құрамында қазақтар старшындер Аманбай Мамыров пен Байғазы Пүшіпбаевта болған [7, 2-2 қ.п.]. Осылайша патша үкіметі қазақтардың феодалдық аристократиясын өзіне қаратып, өз билігінде пайдаланған.

Патша өкіметіне қызмет еткен сұлтандарды, арнайы қазынадан бөлінген қаржымен де қызықтырған. Мысалы, Орынбор Шекара комиссиясының 1818 жылдың 9 тамызында бекітілген штат бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, кеңесі ұлғайтылып (құрамына екі кеңесші кіргізілген), ондағы шенеуніктер саны 22 адамға жетті. Ал қазынасы 11400 рубльге дейін өскен [8, 1].

Мұрағаттық құжаттарда сақталған Орынбор Шекара комиссиясы құрылған жылдарынан бастап оның определенияларында қазақ шенеуніктеріне қатысты бұйрық ұсыныстарында «игі пікірдегі қазақ басшыларына, олардың жақсы істеріне сыйлық беру керек» деген жолдар көрініс алады [9]. Орынбор Шекара комиссиясының 1828 жылғы штаты бойынша қазақтар арасынан қатысушылар саны үш адамға жетіп, әрқайсысына 600 рубльден жалақы беріліп отырған [10, 3 п.].

XIX – ғасырдың бірінші ширегінде орыс үкіметі қазақ даласындағы өзінің отаршылдық саясатын Хан институты арқылы жүзеге асырмақ болды. Хан кеңесі 1806 жылы Орынбор өлкесінде құрылып, Орынбор Шекара комиссиясының қарауында болады. Сыртқы істер мемлекеттік коллегиясымен жасалған Ережеде Кіші жүз халқының билеушісі ретінде хан және оның хатшысы тағайындалды. Ал хан жанында құрылған хан кеңесінің құрамы: төрағадан, әр рудың басты билеушілерінен және кеңес хатшысы ретінде сайланған 6 кеңесшіден тұрды [11, 166 - 167]. Сөйтіп, сырттай қарағанда, дәстүрлі билікті сақтаған патша үкіметі шындап келгенде Кіші жүз руларын Кеңеске кірген өкілдері арқылы өз қадағалауында ұстауға ұмтылды.

Кеңесшілер халық сайлауында әр үш жыл сайын өзгертіліп, ханның ерекше бақылауында болған. Оларды Орынбор Шекара комиссиясының төрағасының ұсынысымен Орынбор әскери губернаторы бекітетін. Бірақ бұл тәртіптер өз кезінде бұзылып та отырған. Мысалы, 1817 жылы Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен мен Шекара комиссиясының төрағасы Г.П. Веселицкий Хан кеңесіндегі Шерғазы ханның жақтастарын шығарып, оның барлық мүшелерін өзгертеді. Ал Кеңес төрағалығына Арынғазыны тағайындаған [12, 67].

Кеңес хатшылары Орынбор әскери губернаторының қарауындағы татар мен башқұрттардың арасынан Орынбор Шекара комиссиясымен анықталды. Бекітілген «Тәртіпке» сай «Хан кеңесі Шекара комиссиясынан Ордаға жіберілген бұйрық, ұйғарымдарды кідіртусіз дәл орындауы және халықтан түскен арыз – шағымдардың барлығын қабылдап, әділ жақтың ісін қанағаттандыруы тиіс еді. Сонымен қатар Бұхарадан, Хиуадан Ресейге немесе керісінше өтіп бара жатқан бұхаралық, хиуалық және орыс көпестеріне ерекше қамқорлық жасау міндеті жүктелді [11, 166-167]. Алайда, Кіші жүзде қалпына келтірілген хандық биліктен Ресей империясы өзіне тиімді пайда көре алмады.

Орынбор Шекара комиссиясының 1818 жылғы бекіткен штаты бойынша Кіші жүз ханының жанынан хан істерін табысты жүргізу үшін әскери штаб-офицерлер қатарынан приставтар тағайындалды. Приставтарға Шекара комиссиясының құрамынан тілмаштар бекітілді. Сондай тілмаштардың бірі – 1820 жылдың қараша айынан Орынбор шекара комиссиясында тілмаш болып тағайындалған Мұхамет – Шариф Аитов. 1828 жылдың ақпан айынан Ордадағы істерді атқаратын шенеунікке айналып, кейін қазақтардың қамқоршылары қатарында болған [13, 277– 278 қ.п.].

Ханның қасында ел арасына жіберу үшін бірнеше конфеденттері де (сенімді адамдар) болды. Конфеденттер патша әкімшілігінің қазақ даласына әр түрлі мәліметтер жинап келу үшін жіберілген татарлардан құралған еді.

1823 жылдың 23 маусымында Кіші жүзде Хан кеңесі арқылы билік етудің соңғы әрекеті жасалды. Орынбор Шекара комиссиясының жанынан қазақтың ақсүйек өкілдерінен жасақталған, оған хан төрағалық ететін Ерекше комиссия құрылды. Оның құрамына Шерғазы хан, үш сұлтан немесе құрметті старшындар (Темір Иралиев пен Медетғали Тұрдалиев, құрметті старшын Есенгелді Янмурзин) және үш молда Орынбор қалалық мешітінің ахуні Габдулсалам Габдрахманов, Орынбор айырбас мешітінің молдасы Сулейменов, Шарифов [4, 266] және қазақтар арасында сенімділік пен құрметке ие болған Сейт қыстағындағы молда Абдрахман Мұхаметшарифов. Бұл комиссияға істерді бұрынғы салтпен шешу мүмкіндігі берілді.

Комиссияның мөр қойылған жазбаша түрдегі шешімі әскери губернаторға негізді екендігін мойындауға табыс етілді және содан кейін міндетті түрде орындалуы қажет болды. Дегенмен, Комиссия жұмысы ұзаққа созылмады. Оның қызметіне баға берген А.И. Добросмыслов былай деп жазды: «Комиссияның ашылуынан бастап-ақ, оның құрамында келіспеушілік даулардың нәтижесінде, комиссия ешбір іс шешпей 1823 жылдың 4 желтоқсанында ақыры жабылды» [4, 268].

XIX ғасырдың 20 жылдарында Кіші жүз қазақтары жергілікті биліктің патша билігімен ауыз жаласып, халыққа қысым көрсетуіне байланысты, халықтың тәртіпсіздік наразылық көрсетуі күшейді. Халық наразылығының себебін сол уақытта Патшаның ресми рескриптін орындау мақсатында Орынбор Шекара комиссиясының басшылығына жіберілген статтық кеңесші В.Ф. Тимковский «жергілікті басшылардың өз жұмысына ынтасының болмауынан» және Неплюев пен Бахметевтің істерін сынға ала отырып, «олардың қазақ даласында ерекше тонаушылық жүргізгеннен» көрді.

Бұның сыртында Орынбор өлкесінде басшылар арасында келіспеушіліктер, қазақ хандары арасында таққа күрестің салдары, әсіресе Шерғазы мен Арынғазының арасындағы тартыстар бұл жағдайды одан әрі ушықтыра түседі.

Шекара комиссиясының төрағасы Тимковский Арынғазыға қарсы шығып, Кіші жүздегі заңды ханның, яғни Шерғазының билігін нығайтуға кірісті. Бұл іске Азия департаменті мен Сыртқы істер министрлігінен қолдау көрсетіледі. 1821 жылдың шілдесінде Арынғазы Санк - Петербургке шақырылып, оны әр түрлі жағдаймен 1824 жылға дейін ұстап, кейін Калугаға айдауға жібереді. Ал Арынғазыны қолдаған Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен оны еліне қайтарып, Орданың орталық бөлігіне билеуші - сұлтан етіп тағайындауды көздейді. Ол Арынғазыға Мәскеуде тұру құқығы рұқсатын алып береді, бірақ ол құқықты Арынғазы қолдана алмады. 1833 жылы 22 наурызда Калугада қайтыс болды [4, 264 - 265].

XIX ғасырдың 20 жылдарының басында туындаған мәселелердің бірі – Орынбор Шекара комиссиясы жұмысының нәтижесіздігі болды. 1821 жылдың маусымында Азия комитеті Орынбор Шекара комиссиясының ісін «қойылған мақсатына лайық емес» деп танып, Сыртқы істер министрлігі жанындағы Азиаттық департамент директоры К.К. Родофиникинге Комиссия туралы жаңа Ереженің жобасын дайындауды тапсырды. Онда қазақтарға (көшпелі халықтарға), Бұхара, Хиуа және басқа да тәуелсіз иеліктерге қатысты барлық істер Орынбор Шекара комиссиясының қадағалауына алынсын және ол Орынбор әскери губернаторы басшылығымен жүргізілсін деген нұсқаулар орын алды [12, 27]. Бірақ жобаны Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен жасап, Азия департаментіне ұсынады. Бұл жобаға сәйкес Кіші жүз Батыс, Орталық және Шығыс деген үш бөлікке бөлініп және оның әрқайсысы халық сайлаған хан мен аға сұлтанмен басқарылуы қажет болды.

1824 жылғы реформаға сәйкес әкімшілік өзгерістердің сыртында сот билігінде де өзгерістер пайда болды. Сот қызметіне қазақ және өзге (шетел) халықтардың саудагерлеріне соттық және талаптық істерді жүргізу белгіленді.

Келесі әкімшілік - территориялық бірлік бұл – Шептік басқару. Ең алғашқы рет XVI ғасырдың екінші жартысында Орал казактарының бірте-бірте басып алуының нәтижесінде Орал (Жайық) шебінің бойымен орналасқан Каспий теңізінің солтүстік жағалауына дейін жеткен. Шептің бойы 11 дистанциядан тұрды. Заң актісінің жарияланған уақытында үш дистанция Верхнеуральск, Троицк және Орынбор орналастырылған, ал қалған тоғызы бірте - бірте пайда болған. Әр дистанцияны тәжірибелі штаб - офицер басқарды, ол «шептік дистанцияның командирі» деп аталды. Оған Орынбордан басқа барлық бекіністердің коменданттары бағынды. Шептік басқарудың негізгі қызметі әр шепте қарауылдарды орналастыру, полицейлік істер, басшылықтың ерекше тапсырмаларын орындау болды [14, 206].

Әкімшілік бөліністің ішінде ең маңыздысының бірі – Далалық басқару. Бұл Орынбор басқару жүйесіндегі шептің арғы жағында, яғни Жайықтың оң жақ жағалауындағы тұрып жатқан қазақтарға қатысты болды. Кіші жүз қазақтарының қысқы жайылым ретінде пайдаланылып жүрген жері, енді орыс үкіметінің «ішкі» категориялы жерлеріне жатқызылды. XVIII ғасыр бойына бірнеше кезеңде қабылданған заңды құжаттардың негізінде (1756, 1758, 1771) Орыс патша үкіметі қазақтарға қысқы уақытта Жайықтың оң жақ жағалауына көшіп - қонып, қоныс аударуына тыйым салды. Ал, Жайықтың сол жақ жағалауына шектелген қазақтар әкімшілік терминологияда олар «Зауральские» деп аталды, яғни Оралдың ар жағындағы қазақтар дегенді білдірді. «Кіші орда» деп аталған бұрынғы атауы «Оралдың ар жағындағы орда» дегенге ауыстырыла бастады.

Реформаға сәйкес Кіші жүз қазақтарының территориясы үш бөлікке – Батыс, Орталық, Шығыс бөлінді: осы үш бөліктің арқайсысының жергілікті басқаруда өзіне тән құрылымы болған: а) ауылдық басқару; ә) тайпалық (рулық) басқару; б) орданың тұтас бөлігін басқару, яғни, басқарудың ауылдық және тайпалылығын қамтыған [14, 206]. Ауылдардың басында старшындар, ал «тайпаның» басында жеке билеушілер тұрды, ал Орданы құраған бөліктер аға сұлтандармен басқарылды. Ережеде олардың барлығы «шенеуніктер» деп аталды және оларды Орынбор Шекара комиссиясы бекітті.

Орынбор қазақтарын үш бөлікке бөлу шешімі әкімшілікке санақты жүргізуді, салымдарды жинауды және мезгілдік көшіп - қонуды бақылауды жеңілдетті. Бірақ мұндай бөлініс халықтың рулық құрамын, қазақтардың көшіп - қону тұрмысын, әкімшілік аудандардың орналасуын, халықтың санын есепке алмаған еді [15, 42].

Азия департаменті Орынбор әскери губернаторына екі шараны орындауды ұсынды: 1) Ханды Орынборға көшіру; 2) Аға сұлтандарды сайлау және оларды Ордадағы Оралдың арғы жағында орналасқан үш бөлімдердің (шығыс, орталық, батыс) қызметіне сайлау.

1824 жылдың тамыз айында үш бөлікке билеуші сұлтандар тағайындала бастады. Батыс бөлімге – Қаратай Нұралиев, Орталыққа – Темір Ералиев, Батыс бөлімге – Жұма Құдаймендиевтер белгіленді. Әр билеуші сұлтанның қасына басқа да қазақ сұлтандарының арасынан көмекшілер бекітілді. Мысалы, Батыс бөлімге – Шингали Урманов, Орталыққа – Медетғали Тұрдалиев, Шығыс бөлімге – Жаншуақ Құдаймендиевтер тағайындалды. Бөлімді басқаруда әр көмекшіге Орынбор Шекара комиссиясының төрағасынан арнаулы жазбаша нұсқаулар беріліп отырды. Бұл іс - шара екі жағдайды туғызды: 1) хандық билікті жою, Шерғазы ханды Орынбор қаласына тұрақты тұрғылықты жері ретінде көшіру және Орынбор Шекара комиссиясына «бірінші қатысушысы» ретінде тағайындау; 2) ал бөлімдердің басында тек қана аға сұлтандарды тағайындау.

Жаңа реформаны жүзеге асыру барысында Кіші жүзде хандық билік жойылып, Шерғазы хан Орынбор қаласына тұрғылықты тұруға көшіріліп, Орынбор Шекара ко-

миссиясына «бірінші қатысушысы» атағына ие болады [14, 208]. Шекара комиссиясы оған бұрынғы сый-құрметтерді сақтай отырып, айына 150 сом күміс төледі.

Реформада Азия комитетінің жасаған келесі бір жаңалығы – Орданың үш бөлігі басына сайланған ақсақалдар мен аға сұлтан атағын пайдалы әрі қызықты ету үшін оларға азық-түлік үшін айына 100 сом күміс, 60 қапшық қара бидай ұнын беріп отырды. Бұған қоса қазақ даласында Ресей империясының көзі мен құлағы болып отырған әр аға сұлтанның қарамағына 200 казак солдатынан құрылған отряды бекітілді [14, 209]. Қарапайым адамдар да әр түрлі қызметтерге тартылды. Олар шеп бойы мен дала бекіністері арасында пошта тасушысы қызметтерін атқарып, жалақысына азық-түлік немесе ақша алып отырған.

Аталмыш реформа аға сұлтандық лауазымды енгізді. Аға сұлтандарға өз билік құзырына берілген иеліктерде болып жатқан жағдайдың барлығын Орынбор Шекара комиссиясының төрағасына жіберілген рапорттарында баяндап отыру жүктелді. Айталық, Шығыс бөліктің билеуші сұлтаны Ахмет Джантурин Хиуа ханы мен Кенесары Қасымұлының қатынасы жайында естіген-білгендерін Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генске хабарлап отырғаны туралы мәліметтер бар [16, 2-4 п.].

Кіші жүзде Ресей тарапынан жүргізілген әкімшілік өзгерістер жергілікті қазақтарды басшылық қызметке тартып, әр түрлі жеңілдіктер, сый-сияпат көрсетіп, жалақы төлеумен қызықтыруда болды.

XIX ғасырдың екінші ширегінде патша үкіметі өзінің Қазақстан және Орта Азиядағы саясатын одан әрі жандандыра түсті. 1831 жылы Кіші жүзде жаңа әкімшілік реформа «дистанциялық жүйе» жүзеге асырылды. Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генстің құрастырған Ережелеріне сәйкес дистанциялардың басына тағайындалған ауыл старшындары мен сұлтан-билеушілердің көмекшілеріне: «Заведовать всеми ордынцами бес исключения и без различия родов» дей отыра олардың басқарып отырған жер телімінде (шебінде) тұрып жатқан қазақтарға тікелей бақылау жасау құқығы берілді. Сонымен қатар, «айуандық» пен «жауыздық» деген сияқты істерге басымдылық танытып «...егер, кімде кім (ауыл старшындары мен сұлтан – билеушілердің көмекшілері – Н.Э.) айуандық жасауға ниеттеніп жүргендерді байқаған болса, тез арада дистанция басшысына жеткізіп және оның жауабын күтпей, шеп басшысына, сұлтан-билеушіге немесе Шекара комиссиясына жеткізуге тиісті» деген қатаң бұйрықтар берілді [14, 210 - 211]. Патша үкіметінің жарлығына сәйкес Орынбор губерниясы бойынша шеп тұрғындары мен қазақтардың арасындағы екі жақты талаптар мен орынсыз әрекеттерді қарастыру Шекара комиссиясына тапсырылды [14, 215].

Сенім арттырылған дистанция басшылары өздеріне бағынышты қазақтарды «патша ағзамға шын берілген адал құл рухында тәрбиелеуге» тиіс деп есептелді. Шын мәнісінде дистанциялық бастықтар орыс үкіметінің даладағы бақылаушысы әрі өкілі рөлін атқарды [5, 132].

XIX ғасырдың екінші ширегінде пайда болып, 37 жыл (1831-1868жж) бойы жүзеге асырылған дистанциялық басқару жүйесі төрт бөлікті құрады. Олар: 1) Төмегі Орал шебіне қарама - қарсы дистанциялар; 2) Орынбор шебіне қарама - қарсы дистанциялар (Жоғарғы Орал); 3) Жаңа шепке қарама - қарсы және оның ішіндегі дистанциялар; 4) Дала дистанциялары.

Тарихшы Е. Бекмаханов «Шекара шебімен шектесіп, Атыраудың Звериноголов қамалына дейінгі аралықты алып жатқан барлық көші-қон жерлері 32 учаскіге – дистанцияға бөлінді» [5, 132] дейді, ал дистанциялардың орналасуын және атауларын анықтай көрсеткен Р.А. Идрисов 1845 жылдары 51 дистанция құрылған, оның ішінде 24 далалық, 27 шептік (22-і Ескі шепте, ал 5-і Жаңа шепте орналасқан) дейді [17, 32].

1844 жылғы «Орынбор қазақтарын басқару туралы Ереженің» қабылдануы дистанцияларды жергілікті халықты бақарудың негізгі құралдарына айналдырып, оның маңызын одан әрі арттыра түсірді. «Ережеде» Ресей әкімшілігінің қазақ қоғамында өз

билігін жүзеге асыру үшін әлеуметтік тірек орнатуға күш салғаны айқын байқалады. Бұл ең алдымен, жергілікті халықтың өкілдері үшін жаңа органдардың құрылуы. Мәселен, 1824 жылдан бастап Батыс, Орта және Шығыс деп үш бөлікке бөлініп, үш билеуші-сұлтанмен басқарылып келе жатқан Орынбор ведомоствасына, төртінші сұлтан қосу ұсынылды. Бұған қоса қазақ дистанция бастықтарының саны көбейтілді. Олардың саны 75 адамға дейін, ал ауыл басшыларының саны 400 -ге дейін жетуі керек еді. Бұлардың тағайындалуы бірден емес, бірте-бірте жүзеге асып, тек қана құрметті және сенімді адамның арасынан деп анықталды [14, 218]. Сыртқы істер министрлігінің шенеуніктері бұл шараның тиімділігін кейбір жерлерде қазақ старшындарынан сайлап қойылатын дистанция бастықтары тағайындалған кезден бері ол жерлердегі қазақтар тәртіпті барынша сақтап, бағыныштылықтан шықпай келеді деп түсіндіреді. Нақ сол мақсатпен, атап айтқанда, «жақсылап қадағалау» үшін қазақтардың ауыл бастықтарының саны көбейтілді, олар өз міндеттерін, басқа шенділерден айырмашылығы әсте де жалақы үшін емес, «өз міндеттерін орындауда ынталылығымен және іскерлігімен ерекше көзге түсетіндерге уақытша берілетін награда» үшін орындайды делінді.

Орынбор әскери губернаторы Обручевтің 1846 жылдың 24 шілдесінде Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы М.В. Ладыженскийге жіберген құпия хатында «дистанциялық бастық ретінде беделді қазақтарды тағайындау комиссия жұмысын жеңілдететі түседі» деп атап өтеді [3, 30 - 31 п.]. Себебі қазақ басшылары арқылы қажетті мәліметтерді жинауға және қазақтарға қарсы қолданылатын жазалау іс - шаралары «бөле отырып, биле» саясатының көрінісі еді.

Дистанция басшыларының қызметі алғашқы рет Батыс бөлікте енгізілген. Дистанция басшылығына тағайындалған сұлтандар мен старшындар У. Нуралиев, Т. Шахгазин, Б. Бутанбаев, У. Санкибаев, Е. Янмурзин, А. Исергалиев, У. Айшуаков, Тайланов, М. Баймұрамедов, А. Сьюгалин, И. Абылов [18, 42 п.]. Жерді дистанцияларға бөлу, ру - ру болып көшіп - қону жайын еске алмастан жүргізілгендіктен, үлкен қиындыққа соқтырды. Өз руымен көшетін қазақтар көбінесе дистанциялық бастықтардың көзіне ілікпей, көрші дистанцияның жерінен өтіп кетіп отырған. Сондықтан патша үкіметі дистанциялық жүйе арқылы қазақтарды еркіндіктен айырып, оларды саяси бақылау орнату мақсатымен бас тарттырып, бұл жүйені бірте - бірте таратуға ұмтылды.

1844 жылғы «Ереже» бойынша Орынбор Шекара комиссиясында «зейнетақылық» атты ерекше капиталдың құрылуы. Осы капиталдан «үкіметке қызмет етіп, өзінің шынайы берілгендігін білдірген қазақтарға зейнетақы және бір мерзімдік жәрдемақы тағайындалған. Зейнетақы мөлшері – 150 рубль күміс, ал мерзімдік жәрдемақының көлемі 300 рубль көлемінде болған» [3, 225 п.]. Бұл жәрдемақылар негізінен жергілікті шонжарлардың феодалдық басшы тобына, атап айтқанда, ерекше адалдығымен, қызметімен көзге түскен сұлтандар мен билерге зейнетақы мен бір жолғы жәрдемақылар төлеп отырды. Осылай алғашқыда орыс үкіметінің ойы бойынша, ең алдымен, қазақ хандары мен сұлтандары арқылы олардың өз жүздері мен рулары арасында және шекараларында тыныштықты қамтамасыз ету болса, кейін сауда керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Өз қызметінде үлкен сенім арттырған қазақтар біртіндеп қызмет бабында жоғарылап, жоғарғы шендерге ие болып жатты.

Қорыта келгенде, патша үкіметі Кіші жүзде қалыптасқан ерекшелікті пайдаланып, қызметке сұлтандар мен билерді тартты. Оларды осы қызметке қызықтыру үшін түрлі жеңілдіктер, жалақы, марапаттаулар, сый - сияпаттар берді. Сол арқылы қазақ жеріндегі өзінің отарлау саясатын жүзеге асырды. Патша шенеуніктері мен кейбір қазақ феодалдары бір жақты болып, халық бұқарасын қанауды күшейтті, әрі қазақ қоғамының таптық күресін шиеленістірді.

Әдебиеттер тізімі

1. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата: Изд-во АНКазССР, 1960. –296с.
2. Дулат Бабатайұлы. Замана сазы: Өлендер мен дастандар (құраст., баспаға әзірлеген Қ. Өмірәлиев). – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
3. Дело о правах и обязанностях начальников военных укреплений и Оренбургской пограничной комиссии // ҚР ОММ, 4 - қ. – 1 - т. – 395 – іс. 38 п.
4. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь: Типография Радионова, 1902. – Т.1-3, – вып.1. – 523 с.
5. Бекмаханов Е.Б. «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдары». – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
6. Веселовский Н.И. Василий Васильевич Григорьев по его письмам и трудам 1816-1881 гг. – Спб., 1887. – 288 с.
7. Дело о увелечение штата Оренбургской Пограничной комиссии // ҚР ОММ 4-қ, 1-тізім, 288-іс.
8. Список чиновников Оренбургской Пограничной комиссии за 1801год // ОрОММ, 222 - қ. – 1 - т. – 1 – іс.
9. Определения Оренбургской Пограничной комиссии // ҚР ОММ, 4 - қ. – 1 - т. – 191 - іс.
10. Дело о деятельности Оренбургского Неплюевского кадетского корпуса // ОрОММ 6-қ, - 10- т. - 6600-іс.
11. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. – Алматы: Наука, 1964. –460 с.
12. Горбунова С.В. Оренбургская пограничная комиссия и политика России в Младшем казахском жузе: дис... канд. истор. наук. – Нижневартовск, 1998. – 202 с.
13. Об отправки Миссии в Бухару и Хиву под начальством подполковника Бутенова и капитана Никифорова. 1841 г. // ОрОМА 6-қ. 10- т. 5240-іс. 636 п.
14. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времен присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьско-Социалистической революции). Т.1. – Алма-Ата: 1960, – 442 с.
15. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России Оренбургского ведомства, собранные офицером Генерального штаба. – СПб: Тип. Э.Веймара и Ф.Персона, 1865. – Т.10. – 288с.
16. Рапорты султана Ахмеда Джантурина об отношениях Хивинского хана о султানে Кенесары Касымова // ҚР ОММ, 4 - қ. – 1 - т. – 349 - іс.
17. Идрисов Р.А. Историческая география Западного Казахстана в первой половине XIX века: автореф. дис. ... канд.истор.наук. – Алматы, 2004. – 32 с.
18. ҚР ОММ, 4 - қ. – 1 - т. – 1614 - іс.

РОЛЬ ТЛЕУ-МУХАМЕДА СЕЙДАЛИНА В ИСТОРИИ КРАЯ

Нурсеитов Бауржан Назарович

старший преподаватель

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

г.Костанай, Республика Казахстан

Среди тех, кто оставил заметный след в истории Костанайской области были потомки знаменитого правителя Младшего жуза Абулхаир-хана, двоюродные братья Аль-Мухамед и Тлеу-Мухамед Сейдалины. Их жизнь по времени совпала с теми глубокими преобразованиями, которые проводило царское правительство во второй половине XIX века. Как и их прославленный предок султаны Сейдалины были убеждёнными сторонникам и тесного сближения казахского и русского народов. Поэтому,